



# ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 35/471

02 сентября 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

# Вестник

## 1-қыркүйек – Білім күні

### «АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ» СЫҢҒЫРЫ

Күз айының басталуы әр жылы елімізге маңызды мерекемен, әсіресе балалар үшін үлкен қуанышпен кіріп келетіні белгілі. Осы күні еліміздегі барлық мектептердің есігі «Алтын ұя» – мектептерін сағынып қалған шәкірттерге есігін



айқара ашады. Бұл күні жыл сайын «Алғашқы қоңырау» салтанаты өтеді және «Білім күні» мерекесі тойланады. Биылғы жылғы мерекелік салтанатты жиын еліміз Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойымен, қазақстандық спортшылардың Риода өткен 31 жазғы олимпиадасындағы ерен еңбегінің арқасында жеткен мол табыстарымен тұспа-тұс келіп отыр. Биыл жалпы орта білім беретін № 2 мектептің 55 жылдығы аталып өтті. Осындай мерекелі жылда аталмыш мектеп ұжымы мен шәкірттері 2016-2017-жаңа оқу жылын зор серпінмен, жаңа бағдармен, мол қуанышпен бастауға ниетті екендерін сездіргендей.

Таңертеңгі ауа-райының желді, салқын болуына қарамастан су жаңа мектеп формаларын киген оқушылар сағат сегізден өте бере мектептің ауласына жинала бастаған. Салтанатты жиын 9.00-де басталарын білсе де, балалар сағынған мектептеріне, өздеріне ыстық болып қалған сынып бөлмелеріне еруге асығулы сынайды. «Алғашқы қоңырау» салтанатының мақсаты, білім күні үлкен мереке екенін оқушыларға жеткізе білу, сезіндіру, білімге деген құшарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу болып табылады. Мектеп алдына Қазақстанның көк туы, түрлі-түсті шарлар, гүлдер, ұлағатты қанатты сөздер жазылған тақталар қойылып, көңілді де, ырғақты әндр ойналып тұрды.

Салтанатты ұйымдастырушының оқушыларды түзеліп, тік тұруына берген бұйрығынан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы алаңға енгізіліп, еліміздің әнұраны орын-



далды. Жүргізушілер салтанатты жиын қатысушыларына биыл алғаш рет мектеп табалдырығын аттағалы отырған бірінші сынып оқушыларын және олардың сынып ұстаздарын таныстырды. 1 «А» және «Б» сыныптарының жетекшісі болып Шахсия Аңсарқызы Таирова, 1 «В» сыныбына Данагүл Төлеутайқызы Абдығаппарова және 1

«Г» сыныбына Пернегүл Қалдыбайқызы Ержанова тағайындалыпты. Салтанатты жиынға құрметті қонақтар ретінде қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, қала әкімінің орынбасары Ботагөз Ануарқызы Қазиева, қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова және Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинулы Сәрсембековтер қатысты. Бұлардан өзге 18405 әскери бөлімінің сардары Шерали Амираліұлы Тұрғынбаев пен Жолдан пайдалану учаскесінің бастығы Болат Есжанұлы Сүлейменов шақырылғанын баян етті.

Қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин оқушыларды, ұстаздар мен ата-аналарды бүгінгі айтулы мерекемен құттықтады. Мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы шәкірттері мен әріптестеріне жүрекжарды тілегін жолдады. Бұдан соң көпшілік алдына шығып «Аяулы әнім, мектебім» әнін шырқаған оқушылар Балнұр мен Маралдың өнеріне қол шапалақтап құрмет көрсетілді.

Мектеп шәкірттері Нұрасыл мен Еңлік тақпақтарын мәнерлеп оқып берді. Қ.Рахманқұлова орындаған «Қазақ биі» де тамашагөйлердің көңілінен шықты. Ж.Қалдыбаева «Қазақ елі» әнін нақышына келтіріп орындады. «Мен өз елімнің патриотымын» тақырыбында балалар тақпақтап арнау жасады.



Аталып өтіп жатқан салтанатты жиынның ең маңызды сәті – «Алғашқы» қоңырау соғылар сәт келіп жеткенде сап түзеген топтар арасында мүлгіген тыныштық орнады. Биылғы «Алғашқы» қоңырау соғу құрметі мектептің үздік оқушысы саналатын Ақниет Ағатаева мен бірінші сыныпқа қадам қойған Сәбит Нұрсұлтанға бұйырыпты. Олар сыңғырлаған өз қоңыруларымен саптың алдын айналып өтіп, мектепке қарай жол бастады.

**Бүлдіршіндер, сендерге артар міндет көп, Көтеріңдер мектептің атын құрметтеп. Білімнің көзін аша білсеңдер тереннен, Жетелейді армандарға бұл мектеп!...**

– деген жыр жолдарынан соң «Білім күні» мерекесіне арналған салтанатты жиын жабық деп жарияланып, бірінші сыныптар бастаған шәкірттер өздерін күткен сынып бөлмесіне қарай жаңа оқу жылының құтты қадамын жасады.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, газеттің арнаулы тілшісі**  
Суреттерде: Салтанатты жиыннан көріністер. Суретті түсірген автор.

### БІЛІМ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

1 - қыркүйек күні таңертеңнен оқушылар мен олардың ата-аналары білім ордаларына қарай ағылып жатты. Қолдарына гүл шоқтарын ұстаған оқушылардың жүздерінен мерекелік қуанышты байқау қиын да емес. Осы лекпен қоса мен де № 1 жалпы білімдік орта мектепке жеткен едім. Мектептің іші мен ауласы мерекеге сай безендірілген, баяу әуен ойнап тұр. Оқушылар мен ата-аналар және мектеп ұстаздары толық



жиналғаннан кейін, алғашқы қоңырауға арналған мереке басталып та кетті. Мемлекеттік ән ұран орындалып, Қазақстан Республикасының туы енгізілгеннен кейін Юсупов Еламанның орындауында «Елім менің» әні орындалып, мектептің «Жас жол инспекторлар» командасы мен өнерпаздары әскери дайындықтарын паш етті.

Оның соңын ала бере ортаға мектеп табалдырығын алғаш аттап отырған бүлдіршіндер шақырылып, оларға сынып жетекшілерімен қоса құрмет көрсетілді. Осыдан кейін қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин сөз алып, жиналған қауымды, мектеп оқушылары мен ұстаздарын және мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерді Білім күні мерекесімен құт-

тықтап, табыстар тіледі. Онан соң сөз алған қалалық мәслихаттың хатшысы Бекзат Мұқсинулы Сәрсембеков, мектеп директоры Панар Айдарханқызы Жұмаханова және қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымовалар жиналғандарды білім мерекесімен құттықтап, өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Ендігі кезекте жас бүлдіршіндер мерекеге арналған тақтаптарын оқып, «Ұстазым» әні шырқалғаннан кейін, алғашқы қоңырауды соғу салтанаты өткізілді.

Салтанатты бөлім аяқталғаннан кейін қала басшылығы мен ата-аналар мектептің сыныптарын аралап, сабақ өткізу жүйесімен танысып шықты. Тап-таза мектеп, безендірілген сыныптар, жаңа мектеп формасы үлгісімен киінген оқушылар, бәрі де оңды әсер қалдырды. Ендігі күтеріміз оқушылардың жақсы оқуы және білімді де денсаулығы мықты азамат болулары.



**Б. Алшынбекұлы,**  
Суреттерде: Салтанатты жиыннан көріністер. Суретті түсірген автор.







30-тамыз – Конституция күні

## АТАЗАҢ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Еліміз тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейлі мерекесі тойлануының қарсаңына тура келген Атазаңымыздың 21 жылдық мерекесі қалалық «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында дүйсенбі күні аталып өтті. Салтанатты жиынға қаладағы мекеме, ұйым, мектептер мен балабақшалар ұжымдары және қала тұрғындары қатысты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 21 жылдығына арналған салтанатты жиын ашық деп жарияланғаннан кейін еліміздің әнұраны орындалды.

Салтанатты жиынға қатысушыларды қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин мерекеге арналған баяндама жасап, құттықтады және бірнеше мемлекеттік қызметшілерге қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан сүбелі үлестері үшін алғыс хаттарын табыстады. Бұдан әрі сөзге шыққан қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков, Сарышаған сынақ алаңы 03080 әскери бөлімінің командирі, генерал Олег Васильевич Кислов, Приозерск гарнизоны, 44841 әскери бөлімінің сардары, полковник Бауыржан Әкімжанұлы Жиенбаевтер қала жұртшылығына аталмыш мерекеге орай өз құттықтауларын жолдады.

Осынау ұлық мереке күні Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің антын қабылдау рәсімі өткізілді. Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің бас маман қызметін атқарушы Гүлнұр Алтайқызы Байманасова

және «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің маманы Біржан Айтуғанұлы Тәкеновтер жылжығандар алдында мемлекеттік қызметте адал болуға ант берді. Салтанатты жиынның ресми бөлімі аяқталған соң еліміздің әнұраны орындалды.

Ұлық мерекенің сәнін келтіру үшін дайындалған қала өнерпаздары бір тоғыз әні мен биін мерекелік тарту ретінде ұсынды. «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының «Жұлдыз» би тобының билері, Елена Литвинова мен Пелагея Исмагилова орындаған «В горнице» орыс халық әні, Жансая Орақова мен Гүлмира Шералиева орындаған «Ал, құрбым» әні және Аяжан Мейірман шырқаған «Самға» әндеріне көремен қауым ыстық ықыласпен қол соқты.

Н.ӨТЕП



Ұстаздардың тамыз кеңесі

## КЕҢЕС КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕ КӨТЕРДІ

Өткен дүйсенбі күні қаламыздағы «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының мәжіліс залында қаланың білім беру ұйымдары қызметкерлерінің басын қосқан тамыз кеңесі болып өтті. Тамыз кеңесіне қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков және білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымовалар қатысты. «Білімді ел –

шығармашылық орталығына қатынасы, ол орталықтағы балалардың жеткен жетістіктері т.б. көкейкесті мәселелерге терең тоқталды.

Сөзге шыққан №1 қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Лена Нұрсейітова «Үш тілді дамытудың отандық озық тәжірибесі мен тіл білімін дамытудың жалпы әлемдік үрдісі» тақырыбында баяндама жасады. №2 жалпы білім беру орта мектебінің педагог-психологы Лилия Владимировна Ханина «Оқу мен тәрбиенің коррекционалдық-дамудың маңыздылығы» тақырыбында баяндама жасап, мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу мәселелерін тілге тиек етті.

Тамыз кеңесі бұдан әрі білім беру және тәрбие саласында еселі еңбектері және жетістіктерімен танылған ұстаздарды марапаттаумен жалғасты. №1 қазақ орта мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Әйгерім Байжанқызы Қалжанова облыстық Білім басқармасының Құрмет грамотасымен, №2 мектеп-балабақша кешенінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Фарида Керімбайқызы Амантаева облыстық Білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар қала әкімі мектепке жаңадан орналасқан жас ұстаздарға пәтер кілттерін тапсырды. Бұндай құрметке №1 қазақ орта мектебінің физика пәнінің жас оқытушысы, магистр Айгерім Мұхамбетжанқызы Тұрлайева мен «Айналайын» балабақшасының логопеді Аяқоз Құлақметқызы Оразбекова ие болды. Сондай-ақ білім бөлімінің басшысы Г.К.Қасымова бірнеше оқытушының алғыс хаттармен марапаттады. Кеңес соңында білім беру саласы қызметкерлері кезек-кезегімен естелік суретке түсті. Осылайша қаладағы білім беру саласы қызметкерлерінің тамыз кеңесі өз жұмысын тәмамдады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Мәңгі ел» тақырыбында өткен кеңесті қала әкімі ашып, жүргізіп отырды және тамыз кеңесіне қатысушыларға жаңа оқу жылының басталуымен һәм мерейлі мерекелерімен құттықтау сөзін қысқаша баяндамасы арқылы жеткізді. Сондай-ақ быылдан бастап мектептерге енгізілетін жаңалықтар туралы және өткен оқу жылындағы жетістіктерін айтып, ыстық ықыласы мен жылы лебізін білдірді. Қалалық мәслихат хатшысы Б.М.Сәрсембеков білім беру саласы қызметкерлерін атаулы мерекелерімен құттықтады.

Приозерск қаласы білім беру бөлімінің басшысы Г.К.Қасымова 2015-2016-оқу жылы қортындылары және 2016-2017-оқу жылындағы алда тұрған міндеттер туралы баяндама жасады.

Баяндамашы өз сөзінде биыл енгізілетін бірінші сыныптардың 5 күндік оқу жүйесі, 2019-жылға қарай бұл жүйенің барлық сыныптарға енгізілетіні, сол жылдан бастап жоғарғы сыныптарға 4 пән бойынша ағылшын тілінде дәріс өгілетіні, ол үшін мамандар мәселесінің шешілуі, ҰБТ-ға енгізілген жаңалықтар, оқушылардың «Достық» балалар-жасөспірімдер



## ТОРЖЕНСТВЕННОЕ СОБРАНИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ ДНЮ КОНСТИТУЦИИ

29 августа в актовом зале центра детско-юношеского творчества «Достық» города Приозерск состоялось торжественное собрание, посвященное 21-годовщине принятия Конституции республики Казахстан, в котором приняли участие руководство города, командования и военнослужащие войсковых частей, актив и жители города.

С докладом по случаю Дня Конституции выступил аким города Кайрат Амангельдиевич Камзин. Затем аким города вручил благодарственные письма государственным служащим, внесшим весомый вклад в социально-экономическое развитие города. После чего, собравшихся с Днем Конституции поздравили секретарь городского маслихата Бекзат Мухсинович Сарсембеков, начальник полигона – командир войсковой части 03080 МО Российской Федерации генерал-майор Олег Васильевич Кислов и начальник Приозерского гарнизона МО Республики Казахстан полковник Бауыржан Акимжанович Жиенбаев.

В этот праздничный день состоялось торжественное принятие присяги государственными служащими старшим специалистом отдела

30 августа - День Конституции

занятости и социальных программ Байманасовой Гульнур Алтаевной и специалистом отдела ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ Такеновым Биржаном Айтугановичем.

После официальной части состоялся праздничный концерт, подготовленный силами художественной самодеятельности центра детско-юношеского творчества «Достық».



Б. Алшыбекулы

Кейкі батырдың туғанына 145 жыл

## ҚЫПШАҚ КЕЙКІ БАТЫР

Тарих беттеріне үңілсек, бағзы замандардан бері «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп, азан шақырып қойған аттары қанатты сөзге айналған екі Майқы би бабаның өмірде болғанын білсек те, осы аталы сөздің нақ қайсысына қатысты айтылғаны жөнінде әлі нақтылы тұжырымға келе алмай жүргеніміз анық. Бірақ екеуінің де дана, ойшыл ғұлама болғанында дау жоқ. Сол сияқты шығыстанушы ғалым, менің Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәріс берген ұстазым Әбсаттар Дербісәлі тарихта бір емес, Әбу Насырдан бөлек онымен замандас оншақты Фараби есімді ғалымның болғанын жіпке тізіп беріп жүр емес пе?! Мұндай мысалдар хандардың да, батырлар мен билердің де арасында жиі кездесіп жататыны шындық. Тек бір ерекшелігі, олардың ел ішінде насихатталуы ғана әрқалай болып келетіндіктен, жалпы халық біле бермейді. Ал, әр өңірдегі жергілікті халық аңыз етіп айтқанмен, кешегінің құймақұлақ қариялары келместің көшіне ілесіп, қатары сиреп, көзден бұлбұл ұшқан сайын, артында іздеушісі, жоқтаушысы жоқтарының есімдері көп жағдайда ел жадынан жоғала бастайтынын несің жасырайық. Төменде біз осындай ел жадынан шыға бастаған Кейкі аталып кеткен батыр бабамыз жайында дерек бермекпіз.

Кейкі (Нұрмағанбет) Көкембайұлы 1916-жылғы Торғайда болған ұлт-азаттық көтерілісінің батыры, атақты мерген. Орта жүз құрамындағы Қыпшақ тайпасының Құланқыпшақ руынан шыққан. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Байтұма қопасында дүниеге келген. Азан шақырылған шын аты – Нұрмағанбет. Кейкі Жыланшық болысының алпауыты Р.Шашамбайұлының малын қорып, дұшпандарына аттандыратын жігіті болған. Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел ауызында «Амангелдінің көзі мерген, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама сақталған. Кейкі Көкембайұлы Ресей патшасының 1916-жылғы маусым жарлығы себеп болған (ел ауызында «июнь жарлығы» деп аталады) Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерінен белсене араласып, сол көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болды. Көтерілісшілердің негізгі қарулы күші – мергендер жасағын басқарған. Көтеріліс штабының ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрған. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы соңғы ұрыс – Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсеткен.

Кейкіні көрген, кешегі қиын кезде соғына ерген адамдар оның өлімін қорықпайтын өжеттігін, көздегенін құр жібермейтін мергендігін жыл қылып айтады екен. 1919-жылы 18-мамырда Торғай ояздық соғыс комиссары, халық батыры Амангелді Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі батыр қуғынға ұшырайды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамайды. Біраз жыл Ұлытау, Қызылқұм



жағында бой тасалайды. Ақыры, 1923-жылдың көктемінде арнайы тапсырмамен өзін алдап қолға түсіруге келген комиссар А.Токаревтің сөзіне сеніп Торғайға оралған Кейкі жолда оның шын ниетін сезіп қалып, Александр Токаревті сол жерде атып тастайды. Бірақ Кейкінің ізне түсіп, артынан алыстан аңдып еріп келе жатқан қызыл әскердің солдаттары, оны сол күні түнде жатқан жерінде қоршап алып, айуандықпен өлтіреді. Олар мергеннің екі қолы мен басын кесіп алады. Кейкі батырдың басын бір ай бойы Торғай қаласының орталық алаңына сырыққа шаншып қояды. Кейін мергеннің бас сүйегін Орынборға жөнелтеді, ал 1926-жылы республика астанасы Қызылордаға көшуіне байланысты, Санкт-Петербургқа алып кеткен. Ол қазір Санкт-Петербургтағы антропологиялық қордың кунсткамерасында сақталуы.

Кейкі батырдың әдебиеттегі бейнесі Ғабит Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасында Кете батыр болып бейнеленеді. Мақан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» кітабында жұмбақталып айтылады. Кейкінің қарасөзде жасалған көркем бейнесі Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» атты романы еді. Алайда кеңес заманында шыққан он кітапта да аты анық айтылмаған. Кейкі бейнесі өз атымен анық айтылып, қанық бояу дерегімен түгелденіп шыққан шығарма Серік Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи дастаны. Кейкі батыр Көкембайұлының ұрпақтары Қостанай облысының Амангелді ауданындағы Ақтас, Тасты елді мекендерінде тұрады. 1996-жылы Кейкі батырдың 125 жыл толуына байланысты ас беріліп, ескерткіш орнатылды. Қазақ елінің бостандығы, тәуелсіздігі жолында жанын құрбан, малын садақа еткен, қанын төккен батыр бабаларымыздың аяулы да, ардақты есімдерін бүгінгі ұрпақтары біле жүргені абзал деген мақсатпен осынау макаланы жариялауды жөн көрдік. Бұл боздағымыздың да қазақтың тәуелсіздігіне қосқан үлесі өз алдына бір төбе.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ





ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ»

Приозерск қаласы әкімінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №1 шешімі Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2016 жылдың 5 ақпанында №3651 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі ШЕШІМЕТТІ:

- 1. Приозерск қаласында осы шешімнің қосымшасына сәйкес сайлау учаскелері құрылсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы А.Н. Исатаевқа жүктелсін.
3. Приозерск қаласы әкімінің 2014 жылғы 14 мамырдағы №3 «Приозерск қаласында сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдері мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 2 маусымда тіркелген, «Приозерский Вестник» газетінің 2014 жылғы 6 маусымдағы № 5(214) санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Д. Сәденов

«Приозерск қаласында сайлау Приозерск қаласы әкімінің «Приозерск қаласында сайлау учаскелерін құру туралы» 2016 ж. «21» қаңтары № 1 шешіміне қосымша

№ 775 сайлау учаскесі

Орталығы: «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Транспортная көшесі 17.

Шекарасы: Береговая көшесі, Весенняя көшесі, Песчаная көшесі, Нагорная көшесі, Озерная көшесі, Комсомольская көшесі, Новая көшесі, Лесная көшесі, Пионерская көшесі, Полевая көшесі, Приозерная көшесі, Производственная көшесі, Строительная көшесі, Транспортная көшесі, Центральная көшесі, Бауыржан Момышұлы көшесі, 5/2, Приморская көшесі, 52, 58, 59.

776 сайлау учаскесі

Орталығы: «Приозерск қаласының №2 мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (акт залы), Достық көшесі 20.

Шекарасы: Абая көшесі 2, 3, 4, 6, 7, 9, 11, 14, 15/1, 25/2; Ағыбай Батыр көшесі 2, 3, 4, 5, 6, 8; Приморская көшесі 1, 2, 4, 6, 8, 10.

№ 777 сайлау учаскесі

Орталығы: «Балақай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (спорт залы), Совет Армиясы бульвары 32/2.

Шекарасы: Совет Армиясы бульвары 9, 14, 28, 30, 36; Достық көшесі 25; Бауыржан Момышұлы көшесі 12/1, 14/1; әскери жатақханалар: «Малахит», «Дзержинец», «Березка», №44841 әскери бөлімі.

№ 778 сайлау учаскесі

Орталығы: «Балақай» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Совет Армиясы бульвары 32/2.

Шекарасы: Бауыржан Момышұлы көшесі 3, 5; Совет Армиясы бульвары 34, 38А; Достық көшесі 21.

№ 779 сайлау учаскесі

Орталығы: Приозерск қаласының №2 мектеп-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (спорт залы), Достық көшесі 20.

Шекарасы: Достық көшесі 7, 11, 21; Рақымжан Қошқарбаев көшесі, 7/1, 7/2, 9; Бауыржан Момышұлы көшесі 12/2; Пушкин көшесі 6, 9/3, 13.

№ 780 сайлау учаскесі

Орталығы: «Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Достық көшесі 23.

Шекарасы: Пушкин көшесі 5; Достық көшесі 16, 16/2, 16/3, 18/2, 26; Абая көшесі 17/3.

№ 781 сайлау учаскесі

Орталығы: «Достық» балалар жасөспірімдер шығармашылық орталығы (холл), Космонавтов көшесі 2.

Шекарасы: Дружба Народов көшесі 2, 4/1, 4/2, 4/3; Космонавтов көшесі, 7/2.

№ 782 сайлау учаскесі

Орталығы: «Достық» балалар жасөспірімдер шығармашылық орталығы (спорт залы), Космонавтов көшесі 2.

Шекарасы: Космонавтов көшесі 1, 3, 3/2, 5, 9/1, 9/2, 11.

№ 783 сайлау учаскесі

Орталығы: «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Кисунько көшесі 7 «А».

Шекарасы: Кисунько көшесі 1, 1А, 1Б, 2/2, 4/1, 4/2; Дорохов көшесі 4/2; Ағыбай Батыр көшесі 17; Совет Армиясы бульвары 2.

№ 784 сайлау учаскесі

Орталығы: «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім білім мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (спорт залы), Кисунько көшесі 11 «А».

Шекарасы: Панфилов көшесі 7/1; Балхашская көшесі 2, 2/2, 7/2, 12/1; Гвардейская көшесі 2, 8/4, 10; Космонавтов көшесі, 1/2.

№ 785 сайлау учаскесі

Орталығы: «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім білім мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (спорт залы), Кисунько көшесі 11 «А» (мәжіліс залы), Кисунько көшесі 11 «А».

Шекарасы: Кисунько көшесі 13/1, 13/2, 13/3, 15/1, 15/2, 15/3; Гвардейская көшесі 12.

«О СОЗДАНИИ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ В ГОРОДЕ ПРИОЗЕРСК»

Решение акима города Приозерск от 21 января 2016 года № 1 Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области от 5 февраля 2016 года № 3651

В соответствии с Конституционным Законом от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» аким города Приозерск РЕШИЛ:

- 1. Образовать избирательные участки на территории города Приозерск согласно приложению к настоящему решению.
2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на исполняющего обязанности руководителя аппарата акима города Исатаева А.Н.
3. Считать утратившим силу решение акима «Об образовании избирательных участков в городе Приозерск» за № 3 от 14 мая 2014 года. (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2653 от 2 июня 2014 года, опубликованное в газете «Приозерский Вестник» № 23/356 от 6 июня 2014 года).
4. Настоящее решение вступает в силу после государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечению десяти календарных дней после первого официального опубликования.

Исполняющий обязанности акима города

Д. Сәденов

Приложение к решению акима города Приозерск «О создании избирательных участков в городе Приозерск № 1 от « 21» января 2016 года

Избирательный участок № 775

Центр: Коммунальное государственное предприятие «Центральная больница города Приозерск», улица Транспортная, 17.

Границы: улица Береговая, улица Весенняя, улица Песчаная, улица Нагорная, улица Озерная, улица Комсомольская, улица Новая, улица Лесная, улица Пионерская, улица Полевая, улица Приозерная, улица Производственная, улица Строительная, улица Транспортная, улица Центральная, улица Бауыржан Момышұлы 5/2, улица Приморская 52, 58, 59.

Избирательный участок № 776

Центр: Коммунальное государственное учреждения «Комплекс школа-детский сад №2 города Приозерск» (актовый зал), улица Достық 20.

Границы: улица Абая 2, 3, 4, 6, 7, 9, 11, 14, 15/1, 25/2; улица Ағыбай Батыр 2, 3, 4, 5, 6, 8; улица Приморская 1, 2, 4, 6, 8, 10.

Избирательный участок № 777

Центр: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли- сад «Балакай» (спорт зал), Бульвар Советской Армии 32/2.

Границы: улица Бульвар Советской Армии 9, 14, 28, 30, 36; улица Достық 25; улица Бауыржан Момышұлы 12/1, 14/1; военные общежития: «Малахит», «Дзержинец», «Березка», войсковая часть №44841.

Избирательный участок № 778

Центр: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли- сад «Балакай», Бульвар Советской Армии 32/2.

Границы: улица Бауыржан Момышұлы 3,5; улица Бульвар Советской Армии 34, 38А; улица Достық 21.

Избирательный участок № 779

Центр: Коммунальное государственное учреждения «Комплекс школа-детский сад №2 города Приозерск» (спорт зал), улица Достық 20.

Границы: улица Достық 7, 11, 21; улица Рақымжан Қошқарбаева, 7/1, 7/2, 9; улица Бауыржан Момышұлы 12/2; улица Пушкина 6, 9/3, 13.

Избирательный участок № 780

Центр: Коммунальное государственное учреждение «Государственный архив города Приозерск», улица Достық 23.

Границы: улица Пушкина 5; улица Достық 16, 16/2, 16/3, 18/2, 26; улица Абая 17/3.

Избирательный участок № 781

Центр: Центр детско-юношеского творчества «Достық» (холл), улица Космонавтов 2.

Границы: улица Дружба Народов 2, 4/1, 4/2, 4/3; улица Космонавтов 7/2.

Избирательный участок № 782

Центр: Центр детско-юношеского творчества «Достық» (спорт зал), улица Космонавтов 2.

Границы: улица Космонавтов 1, 3, 3/2, 5, 9/1, 9/2, 11.

Избирательный участок № 783

Центр: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли- сад «Балбөбек», улица Кисунько 7 «А».

Границы: улица Кисунько 1, 1А, 1Б, 2/2, 4/1, 4/2; улица Дорохова 4/2; улица Ағыбай Батыра 17; улица Бульвар Советской Армии 2.

Избирательный участок № 784

Центр: Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа №1 города Приозерск» (спорт зал), улица Кисунько 11 «А».

Границы: улица Панфилова 7/1; улица Балхашская 2, 2/2, 7/2, 12/1; улица Гвардейская 2, 8/4, 10; улица Космонавтов 1/2.

Избирательный участок № 785

Центр: Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа №1 города Приозерск» (спорт зал), улица Кисунько 11 «А» (актовый зал), улица Кисунько 11 «А».

Границы: улица Кисунько 13/1, 13/2, 13/3, 15/1, 15/2, 15/3; улица Гвардейская 12.





Ядролық сынаққа жол жоқ!

Спортивная жизнь города

## СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА 25 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлығына қол қойғанына 25 жыл толуы аясында елімізде бірқатар шаралардың өткізілгені белгілі. Соның бірі үстіміздегі жылдың 25-тамызы күні «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқырмандарға қызмет ету бөлімінде өткізілген «Семей полигоны – атом зардаптары» атты презентация және оқу бөлімінде ұйымдастырылған «Ядролық қарусыз әлемді қолдаймыз» атты сурет көрмесі болатын. Өткізілген іс-шаралардың барысында оқырмандарға Семей өңірінде жүргізілген ядролық сынақтар мен олардың зардаптары туралы мәліметтер беріліп, ядролық қарудың адам баласына қандай үлкен қайғы - қасірет пен апат әкелетіні жайлы айтылды, сондай-ақ, бүгінгі таңда біздің еліміздің халықаралық ауқымда бейбітшілік пен қауіпсіздік принциптерін алға жылжытуда маңызды рөл атқарып отырғандығы аталып өтті. Тарихқа үңілетін болсақ, 1989 жылдың ақпанында Семейдегі атом полигонын жабу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада — Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілгенді. Оны басқарған – белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөнінде КСРО және АҚШ Президенттеріне үндеу



кабылданды. Онда былай делінген болатын: «Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін, өз құқықтарымыз үшін күресу мақсатында біз «Невада — Семей» қозғалысын құрдық». Осы уақытқа дейін үніс тығылып келген халық бір дауыстан «Ядролық қаруға жол жоқ!», «Сынақтар тоқтатылсын!» - деп мәлімдеді. Кітапхана оқырмандары әлемдегі ең ірі төртінші полигон болып саналған сынақ алаңын жабу арқылы Қазақстан ядролық қаруды таратпау жөніндегі сыртқы саясатқа тың қадам басқанын, бұның ең алдымен Қазақстан халқы мен оның Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі әрі ерлігі екенін өз әңгімелерінің арқауы етті.

Б. Алшынбекұлы

Айтнай келген апат

## ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков Чернобыль апатының құрбандарына арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты деген ақпарат жарияланды.

«Бүгін қаламызда Чернобыль Атом Электр станциясындағы апатты жоюға қатысқандарға арнап ескерткіш белгі ашып отырмыз. Чернобыль ауқымы жағынан ең үлкен радиациялық апат алып келді. 30 жыл бұрын орны толмас қайғыны бастан кештік. Сол уақытта еліміздегі бүкіл ұлттың өкілдері бас көтеріп, апатты жоюға бір кісідей атсалысты. Украина халқын құтқару жолында бауырлас мемлекеттің өкілдері радиациядан да, оның салдарынан да қорыққан жоқ. Бүгін біз олардың ерлігіне бас иеміз. Біз, сол қаһармандардың ұрпағы, бауырлары оларды мақтан тұтамыз, олардың ерлігі мәңгі жадымызда және біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін құрметтегендей оларға да құрмет көрсетеміз», - дейді өңір басшысы.

Айта кетейік, ақпан айында «Облыстық Чернобыль ардагерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің мүшелері облыс әкіміне хабарласып, Чер-



нобыль қаһармандарына ескерткіш орнатуға өтініш жасаған болатын. Ескерткіштің авторы – Игорь Баграмов.

Ақпаратты галамтордан алып, дайындаған: Н.ӨТЕП

## ТУРНИР ПО НАСТОЛЬНОМУ ТЕННИСУ

30-сентября в спортивном зале центра детско-юношеского творчества «Достық» города Приозерск состоялся турнир по настольному теннису на приз газеты «Приозерский вестник».

Турнир был организован совместно с Отделом спорта города Приозерск и посвящен Дню Конституции Республики Казахстан и 25-летию Независимости Казахстана. В спортивном соревновании приняли участие спортсмены учреждений и организаций города, а так же военнослужащие войсковых частей. Сам турнир проводился по олимпийской системе и победители были определены по набранному очкам.

По результатам интереснейших поединков

победителем турнира стал специалист отдела строительства города Сагатбек Каленов. Второе место занял сотрудник городского



отдела экономики и финансов Абил Дуйсенбаев. А третье место досталось военнослужащему 44841 МО РК Беріку Исенбаеву.

Призерам и активным участникам соревнований были вручены ценные подарки и дипломы.

Б. Кенжебеков, главный редактор газеты «Приозерский вестник». Фото автора

Теріс ағымнан сақтанайық

## ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ЛАЦКЕСТІКТІҢ ЗАРДАБЫ

Экстремизм термині сөзбе-сөз шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару ретінде анықталады. Экстремизм бұл әр уақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Оған анықтама беруде expertтік ортада әртүрлі түсінік бар. Оны екі топқа бөлуге болады: бірінші топ экстремизмді бір сөзбен негативті және әлеуметтік қауіпті құбылыс деп бағалайды.

Экстремизмнің пайда болуына сараптама жасай келе бұл құбылыстың негізінде адамдардың табиғи мүдделерінің қақтығыстары экономикалық, әлеуметтік, этникалық және конфессиялық қарамақайшылықтары жатқанын көруге болады.

Қазіргі кезеңде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторлары ретінде expertтер мыналарды ұсынады: әлеуметтік экономи-

калық тоқырау; жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің құрт түсуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы; олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеуі; саяси режимнің тоталитарлық сипат алуы; биліктегілердің оппозицияны басып тастауы; еркін, жаңаша ойлауды қуғындау; ұлттық қанау; жеке топтардың өз міндеттерін шешуін жеделдетуі; лидерлердің саяси амбициялары және т.б.

Сондықтан да қазіргі таңда мұндай теріс пиғылды ұйымдарға алданып қалмау үшін экстремизмнің жолын кесуде үгіт-насихат жұмыстары аса қажет. Әсіресе, жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жандандыру керек.

А.Төлегенова, жұмыспен қамту бөлімінің заң кеңесшісі

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**  
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

**Ждем Вас по адресу:**  
ул. Космонавтов, 5-107,  
телефон: 5-50-81  
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.  
Выходной - Понедельник

**На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89**

**Парикмахерская Милолика**

Ваша красота - Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР**

**ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ**

**БОЛЬШОЕ ПОСТУПЛЕНИЕ НОВЫХ МОДЕЛЕЙ \*\*\***  
Всё в наличии со склада в г.Балхаш (производство Россия). \*\*\*  
**Возможен кредит:** Евразийский банк. (форма оплаты любая)

**ДВЕРИ В Г.БАЛХАШ \*\*\***  
Межкомнатные - от 8500 тт.  
Стальные - от 49000 тт.  
Арки - межкомнатные-универсальные, замки, навесы, ручки, защелки, пена.  
**Адреса:**  
1.г.Балхаш, торговый дом «Мерей», ул.Ленина-14, тел.: 8(71036)5-84-04.  
2.г.Балхаш, магазин «Эльдорадо», микрорайон Мухамеджанова-5, тел.8(71036)5-21-93, 8-777-976-40-01.  
**Время работы:** с 10 до 19 часов.  
(без выходных, без перерыва)

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 35/471. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.